ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

LG сандық сәйкестенді рілген жинағы

(МОНИТОР СӘЙКЕСТЕНДІ РІЛГЕН ЖИНАҒЫ)

Жинақты іске қоспас бұрын, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығып, кейін анықтама ретінде қолдану үшін сақтап қойыңыз.

webOS 2.0

www.lg.com

МАЗМҰНЫ

3 ПАЙДАЛАНУШЫ ПАРАМЕТРЛЕРІ

3 Негізгі мәзір параметрлері
3 - Сурет параметрі
8 - Дыбыс параметрлері
9 - Желі параметрлері
11 - Жалпы параметрлер

13 ОЙЫН-САУЫҚ

13 Менің мультимедиам мәзірін пайдалану
13 - USB/SD сақтау құрылғыларын қосу
15 - Менің мультимедиам функциясында қолданылатын файлдар
18 - Бейнелерді көру
20 - Фотосуреттерді көру
20 - Музыка тыңдау
20 - Параметрлер
21 - Файлды жылжыту, көшіру немесе жою
21 SuperSign мазмұны
21 Ақпарат
22 Жергілікті мазмұнды жоспарлаушы
23 Экранмен бөлісу
25 SuperSign EZ
27 Multi-Screen (Көп экранды)
29 Сурет идентификаторы параметрлері

30 ИҚ КОДТАРЫ

32 БІРНЕШЕ ӨНІМДІ БАСҚАРУ

32 Кабельді жалғау
33 Байланыс параметрі
34 Пәрмендердің анықтамалық тізімі
37 Жіберу/Қабылдау протоколы

Осы өнімдегі GPL, LGPL, MPL және басқа да бастапқы коды ашық лицензиялардағы бастапқы кодты алу үшін *http://opensource.lge.com* веб-торабына өтіңіз.
Бастапқы кодқа қоса, барлық қажетті лицензиялардың шарттарын, кепілдік міндеттерінен бас тарту құжаттарын және авторлық құқық туралы мәліметтерін алуға болады.
LG Electronics компаниясы тарату шығынын қамтитын ақыға (дерек тасығышының құны, жеткізу және өңдеу) *opensource@lge.com* мекенжайына электрондық пошта арқылы сұрау жіберілгенде бастапқы кодты ықшам дискіде жеткізуді ұсынады. Бұл ұсыныс осы өнімді сатып алған уақыттан бастап үш (3) жыл ішінде жарамды болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Бағдарламалық құралдарға қатысты мазмұн өнімнің функцияларын жетілдіруге байланысты алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
- Орнату нұсқаулығында сипатталған кейбір мүмкіндіктер кейбір үлгілерде қолданылмауы мүмкін.
- SNMP 2.0 қолдау көрсетіледі.

Пайдаланушы параметрлері

Негізгі мәзір параметрлері

Сурет параметрі

Picture Mode (Сурет режимі) таңдау

SETTINGS ➔ Advanced (Кеңейтілген) ➔ Picture (Сурет) ➔ Picture Mode Settings (Сурет режимінің параметрлері) ➔ Picture Mode (Сурет режимі)

Бейне түріне өте жақсы сәйкес келетін сурет режимін таңдаңыз.

- **Vivid (Айқын): contrast** (**контраст**), **brightness** (**жарықтық**) және **sharpness (айқындылық)** параметрлерін жақсартып кескінді дүкен ортасы үшін реттейді.
- **Standard (Стандартты):** қалыпты ортаның бейне кескінін реттейді.
- **APS:** экранның жарықтығын реттеу арқылы қуат тұтынуды азайтады.
- **Cinema (Кинотеатр):** фильм көруге бейне кескінін оңтайландырады.
- **Sports (Спорт):** спорт көру үшін бейне кескінін оңтайландырады. Доп тебу не лақтыру сияқты өте жылдам әрекеттер экранда анық беріледі.
- **Game (Ойын):** бейне ойындар ойнауға бейне кескінін оңтайландырады.
- **Photo (Фотосурет):** фотосуреттерді көру экранын оңтайландырады. (Бұл мүмкіндік белгілі бір үлгілерді ғана бар.)
- **Expert/Calibration (эксперт/Калибрлеу):** экспертке немесе жоғары сапалы суреттерге қызығатындарға өте жақсы сапаға суретті қолмен баптауға мүмкіндік береді.

ЕСКЕРТПЕ

- Кіріс сигналына байланысты қолжетімді **Picture Mode (сурет режимдері)** әр түрлі болуы мүмкін.
- **Expert (Эксперт)** опциясы сурет сапасы маманына арнайы кескін арқылы суреттің сапасын нақты баптауға мүмкіндік береді. Осылайша ол қалыпты суретке тиімді болмауы мүмкін.

Сурет режимін дәл реттеу

SETTINGS ➔ Advanced (Кеңейтілген) ➔ Picture (Сурет) ➔ Picture Mode Settings (Сурет режимінің параметрлері) ➔ Customize (Бейімдеу)

- **Backlight (Артқы жарық)**: СКД артқы жарығын реттеу арқылы экранның жарықтығын реттейді. Мән 100-ге неғұрлым жақын болса, экран соғұрлым жарық болады.
- **Contrast (Контраст):** суреттің ашық және қара аумақтарындағы айырмашылықты реттейді. Мән 100-ге неғұрлым жақын болса, айырмашылық соғұрлым үлкен болады.
- **Brightness (Жарықтық):** экранның жалпы жарықтығын реттейді. Мән 100-ге неғұрлым жақын болса, экран соғұрлым жарық болады.
- **Sharpness (Айқындылық):** заттар жиектерінің айқындығын реттейді. Мән неғұрлым 50ге жақын болса, жиек соғұрлым анық әрі нақты болады.
- **H Sharpness (Көлденең анықтық):** көлденең көріністен экрандағы контраст жиектерінің анықтығын реттейді.
- **V Sharpness (Тік анықтық):** тік көріністен экрандағы контраст жиектерінің анықтығын реттейді.
- **Color (Түс):** экрандағы реңктерді солғындатады немесе күшейтеді. Мән неғұрлым 100-ге жақын болса, соғұрлым түстер қанық болады.
- **Tint (Реңк):** экранда көрсетілетін қызыл мен жасыл деңгейлер арасында балансты реттейді. Мән неғұрлым қызыл түсті 50-ге жақын болса, қызыл түс соғұрлым қанық болады, ал мән неғұрлым жасыл түсті 50-ге жақын болса, жасыл түс соғұрлым қанық болады.
- **Color Temperature (Түс температурасы):** жылы немесе салқын сезімдерді ояту үшін экранның реңктерін реттейді.
- **Advanced Control (Қосымша басқару)/Expert Control (Эксперттік басқару):** қосымша параметрлерді реттейді.
  - **Dynamic Contrast (Динамикалық контраст)**:Кескіннің жарықтығына байланысты экранның ашық және қара бөліктерінің арасындағы айырмашылықты оңтайландырады.
  - **Super Resolution (Тым жоғары ажыратымдылық)**: Суреттің бұлыңғыр немесе анық емес тұстарын айқындайды.
  - **Color Gamut (Түс гаммасы):** Көрсетілетін түстер ауқымын таңдайды.
  - **Dynamic Color (Динамикалық түс) :** Кескіннің реңкі мен қанықтығын шынайы әрі табиғи дисплейге реттейді.
  - **Edge Enhancer (Жиектерін бөлектеу)**: Суреттің анықтау және айқындау жиектерін қамтамасыз етеді.
  - **Color Filter (Түс сүзгісі)** : RGB ауқымының арнайы түстерін сүзу арқылы түс пен реңкті дәл реттейді.
  - **Preferred Color (Қажетті түс)**: Терінің, шөптің және аспанның түстерін қалауыңызға қарай реттейді.
  - **Gamma (Гамма)**: Суреттің орташа жарықтығын реттейді.
  - **White Balance (Ақ түс балансы)**: Суреттің жалпы реңін қалауыңызға қарай реттейді. Expert (Эксперт) режимінде Method/Pattern (Әдіс/Үлгі) опциялары арқылы суретті дәл реттеуге болады.
  - **Color Management System (Түсті реттеу жүйесі)**: Мамандар түстерді тексеру үлгісімен реттегенде, олар түс басқару жүйесін пайдаланады. Түсті реттеу жүйесі басқа түстерге әсер етпей 6 түрлі түстерден (қызыл/сары/көк/көгілдір/қызғылт/жасыл) таңдау арқылы реттеуге мүмкіндік береді. Тіпті реттеуден кейін қалыпты суретте реңктер өзгерісін көре алмайсыз.

- **Picture Options (Сурет опциялары):** сурет опцияларын реттейді.
  - **Noise Reduction (Шуды азайту) :** Анық суреттің тұрақсыз жасалған ұсақ нүктелерін өшіреді.
  - **MPEG Noise Reduction (MPEG шуын төмендету):** Сандық бейне сигналдарын жасау кезінде пайда болған шуылды азайтады.
  - **Black Level (Қара түс деңгей):** Суреттің жарықтығы мен контрастын түзету үшін суреттің қара деңгейін реттейді.
  - **Real Cinema (Нақты фильм):** Кинотеатрлық көрініске бейне кескінін оңтайландырады.
  - **TruMotion:** кескіндерді жылжытқанда орын алуы мүмкін кескіннің дірілдеуі мен қатып қалуын азайтады.
- **Reset (Қалпына келтіру)**: сурет параметрлерін қалпына келтіреді.

ЕСКЕРТПЕ

- Қосымша параметрлерді тек **User (Пайдаланушы**) режимінде реттеуге болады.
- Кіріс сигналға немесе таңдалған сурет режиміне байланысты, қол жетімді опциялар әр түрлі болуы мүмкін.

Кадр пішімін орнату

(Бірнеше мүмкіндіктерге кейбір модельдерде қолдау көрсетілмеуі мүмкін.)

SETTINGS ➔ Advanced (Кеңейтілген) ➔ Picture (Сурет) ➔ Aspect Ratio (Кадр пішімі)

Суретті оңтайлы өлшемімен көру үшін кадр пішімі өзгертеді.

- **16:9:** суретті 16:9 кадр пішімімен көрсетеді.
- **Just Scan (Тек қарап шығу):** кескінді түпнұсқа өлшемімен жиектерін кеспей көрсетеді. Түпнұсқа HDMI (720p не одан жоғары) режимінде болады. (58:9 модельдерінде бұл параметр кіріс сигналына қарамастан таңдалуы мүмкін.)
- **Set By Program (Бағдарлама арқылы орнату):** кіріс бейне сигналына байланысты кадр пішімін 4:3 немесе 16:9 мәніне өзгертеді.
- **4:3:** суретті 4:3 кадр пішімімен көрсетеді.
- **Zoom (Масштаб):** экранның еніне сәйкестендіру үшін кескінді кеңейтеді. Суреттің жоғарғы және төменгі жағы қиылып қалуы мүмкін.
- **Cinema Zoom (Кинотеатрлық масштаб):** бұрмалаусыз 2,35:1 синемаскоп арақатынасын алу үшін кескінді үлкейтеді.
- **58:9**: Экранды 58:9 пішімде көрсетеді.

ЕСКЕРТУ

- Егер экрандағы бейне ұзақ уақыт бойы қозғалыссыз тұрса, ол экранға із қалдырып, бұрмалаушылық тудыруы мүмкін. Бұл «кескін ізі» немесе «күйдіру» кепілдікке кірмейді.
- Егер кадр пішімі ұзақ уақыт бойы **4:3** болса, экранның жоғарғы және төменгі жағында бейне ізі пайда болуы мүмкін.
- Опциялар үлгіге байланысты ерекшеленуі мүмкін.
- Кіріс сигналына байланысты қолжетімді кадр пішімі әр түрлі болуы мүмкін.
- Тек **4:3** және **16:9** кадр пішімін HDMI-PC/ DVI-D/ DISPLAYPORT-PC/ OPS-PC/ RGB кіріс режимінде таңдауға болады. (Бұл 58:9 модельдеріне қолданылмайды.)
- **Zoom (Масштаб)** немесе **Cinema Zoom(Кинотеатрлық масштаб)** опциясын реттегенде экран кейбір сигналдар үшін жыпылықтауы мүмкін.

Қуат үнемдеу функциясын пайдалану

SETTINGS ➔ Advanced (Кеңейтілген) ➔ Picture (Сурет) ➔ Energy Saving (Энергияны сақтау)

Экранның жарықтығын реттеу арқылы қуат тұтынуды азайтады.

- **Auto (Авто):** монитордың жарықтығын сыртқы жарыққа қарай реттейді. (Бұл мүмкіндік белгілі бір үлгілерде ғана бар.)
- **Off (Өшіру):** қуатты үнемдеу режимін ажыратады.
- **Minimum/Medium/Maximum (Ең аз/Орташа/Ең көп):** монитор үшін көрсетілген қуат үнемдеу деңгейіне сәйкес қуат үнемдеуді пайдаланады.
- **Screen Off (Экранды өшіру):** экранды өшіреді. Дыбысын ғана естисіз. Қашықтан басқару құралындағы қуат түймесінен басқа кез келген түймені басып, экранды қайтадан қосуға болады.

Зерделі қуат үнемдеу функциясын пайдалану

SETTINGS ➔ Advanced (Кеңейтілген) ➔ Picture (Сурет) ➔ Smart Energy Saving (Смарт энергияны үнемдеу)

Кескіннің жарықтығына байланысты қуатты үнемдеу үшін монитордың жарықтығы автоматты түрде реттеледі.

- **Off (Өшіру):** Smart Energy Saving (Смарт энергияны үнемдеу) функциясын ажыратады.
- **On (Қосу):** Smart Energy Saving (Смарт энергияны үнемдеу) функциясын қосады.

SCREEN(RGB-PC) функциясын пайдалану

(Белгілі бір үлгілерге ғана қолданылады.)

SETTINGS ➔ Advanced (Кеңейтілген) ➔ Picture (Сурет) ➔ SCREEN(RGB-PC)

RGB режимінде компьютер дисплейінің опцияларын реттейді.

- **Set Automatically (Автоматты түрде орнату):** Экранның орны, сағаты және кезеңі автоматты түрде реттелетін етіп орнатады. Конфигурация орындалып жатқанда, көрсетілген сурет бірнеше секунд бойы тұрақсыз болуы мүмкін.
- **Resolution (Ажыратымдылық):** Тиісті ажыратымдылықты таңдайды.
- **Position (Орын)/ Size (Өлшем)/ Phase (Фаза):** Сурет анық болмағанда, әсіресе автоматты конфигурациядан кейін таңбалар дірілдегенде параметрлерді реттейді.
- **Reset (Қалпына келтіру):** Әдепкі параметрлерді қалпына келтіреді.

Суретті тексеруді іске қосу

(Белгілі бір үлгілерге ғана қолданылады.)

SETTINGS ➔ Advanced (Кеңейтілген) ➔ Picture (Сурет) ➔ Picture Test (Суретті тексеру)

Сурет сигналдарының бірқалыпты шығып жатқанын тексеру үшін Picture Test (Суретті тексеру) функциясын іске қосыңыз, одан кейін экраннан қатысты опцияны таңдау арқылы қиындықтарды шешіңіз. Суретті тексеруде қиындықтар болмаса, қосылған сыртқы құрылғыны тексеріңіз.

HDMI ULTRA HD Deep Colour пайдалану әдісі

[Ultra HD үлгілеріне ғана арналған]

SETTINGS ➔ Advanced (Қосымша) ➔ Picture (Сурет) ➔ HDMI ULTRA HD Deep Colour

Егер HDMI құрылғысы Deep Colour реттелмелі порттарының біріне жалғанса, HDMI ULTRA HD Deep Colour параметрлері мәзірінде Deep Color опциясын On (Қосу) (6G) немесе Off (Өшіру) (3G) күйін таңдауға болады.

Deep Colour (Терең түс) опциясы 3840 x 2160 @ 60 Гц ажыратымдылықта On (Қосу) күйіне орнатылғанда, үйлесімділік ақауы пайда болса, Deep Colour (Терең түс) опциясын Off (Өшіру) күйіне орнатыңыз.

- HDMI техникалық деректері кіріс портына байланысты өзгеруі мүмкін. Қосудан бұрын әрбір құрылғының техникалық деректерін тексеріңіз.
- Жоғары ажыратымдылықты бейнені көруге HDMI 1, 2 кіріс порты 60 Гц жиілігіндегі 4K үшін (4:4:4, 4:2:2) жақсы сәйкес келеді. Дегенмен, сыртқы құрылғылардың техникалық деректеріне байланысты бейнеге немесе дыбысқа қолдау көрсетілмеуі мүмкін. Ол жағдайда, басқа HDMI портына қосыңыз.

Дыбыс параметрлері

• Белгілі бір үлгілерге ғана қолданылады.

Sound Mode (Дыбыс) режимін таңдау

SETTINGS ➔ Advanced (Кеңейтілген) ➔ Sound (Дыбыс) ➔ Sound Mode (Дыбыс режимі)

Ең жақсы дыбыс сапасы көріп жатқан бейненің түріне байланысты автоматты түрде таңдалады.

- **Standard (Стандартты):** бұл дыбыс режимі барлық үлгідегі мазмұнға жақсы қолданылады.
- **Cinema (Кинотеатр):** фильм көруге дыбысты оңтайландырады.
- **News (Жаңалықтар):** жаңалықтар көру үшін дыбысты оңтайландырады.
- **Sports (Спорт):** спорт көруге дыбысты оңтайландырады.
- **Music (Музыка):** музыка тыңдағанға дыбысты оңтайландырады.
- **Game (Ойын):** ойын ойнауға дыбысты оңтайландырады.

Sound Effects (Дыбыс әсерлері) функциясын пайдалану

SETTINGS ➔ Advanced (Кеңейтілген) ➔ Sound (Дыбыс) ➔ Sound Effects (Дыбыс әсерлері)

- **Clear Voice II (II дауыс өшіру):** үш деңгейлі реттеумен анығырақ дыбысты тыңдау.
- **Equalizer (Эквалайзер):** эквалайзер арқылы дыбысты қолмен реттеу. .
- **Balance (Баланс):** сол жақ динамик пен оң жақ динамиктің шығыс дыбыс деңгейін реттеу.
- **Reset (Қалпына келтіру):** дыбыс параметрлерін қалпына келтіру.

Volume Increase Rate (Дыбыс деңгейін арттыру жылдамдығы) режимін таңдау

SETTINGS ➔ Advanced (Кеңейтілген) ➔ Sound (Дыбыс) ➔ Volume Increase Rate (Дыбыс деңгейін арттыру жылдамдығы)

Low/ **Medium**/ **High** (**Төмен**/ **Орташа**/ **Жоғары**) опциясының кез келгенін таңдау арқылы дыбыс деңгейінің ауқымын орнатуға болады.

Дыбысты бейнемен синхрондау

SETTINGS ➔ Advanced (Кеңейтілген) ➔ Sound (Дыбыс) ➔ AV Sync Adjustment (AB синхрондауды реттеу)

- **Speaker (Динамиктер):** сандық аудио шығыс портына қосылғандар сияқты сыртқы динамиктерден, LG аудио жабдығынан немесе гарнитурадан шыққан бейне мен дыбысты синхрондауды реттейді. Әдепкі мәннен мән «-» дегенге жақын болса, дыбыс жылдам шығады, ал мән «+» дегенге жақын болса, дыбыс баяу шығады.
- **Bypass:** Аудио сыртқы құрылғылардан еш кедергісіз шығып жатыр. Мониторға берілетін бейненің өңдеу уақытына байланысты дыбыс бейнеден ертерек берілуі мүмкін.

Дыбысты тексеруді іске қосу

SETTINGS ➔ Advanced (Кеңейтілген) ➔ Sound (Дыбыс) ➔ Sound Test (Дыбысты тексеру)

Дыбыс сигналдарының бірқалыпты шығатынын тексеру үшін дыбысты тексеруді іске қосыңыз да, экрандағы тиісті опцияны таңдау арқылы мәселені шешіңіз. Sound Test (Дыбысты тексеру) бойынша ешқандай мәселе туындамаса, қосылған сыртқы құрылғыны тексеріңіз.

Желі параметрлері

Signage мониторының атын орнату

SETTINGS ➔ Advanced (Кеңейтілген) ➔ Network (Желі) ➔ Signage Name (Signage аты)

Экрандық пернетақтамен желіде пайдаланылатын Signage мониторының атауын белгілеуге болады.

Сымсыз желіні орнату

SETTINGS ➔ Advanced (Кеңейтілген) ➔ Network (Желі) ➔ Wired Connection (Ethernet) (Сымды қосылым (Ethernet))

- **Connecting to a wired network (Сымды желіге қосылу):**
  LAN порты арқылы мониторды жергілікті желіге (LAN) жалғап, желі параметрлерін реттеңіз. Тек сымды желі байланыстары қолданылады. Физикалық қосылымды орнатқаннан кейін, аздаған басты желілер дисплей желісі параметрлерінің реттелуін талап етуі мүмкін. Көптеген желілер үшін дисплей реттеулер жасамай автоматты түрде қосады. Қосымша ақпарат алу үшін интернет провайдеріне хабарласыңыз немесе маршрутизатордың нұсқаулығын қараңыз.

Сымсыз желіні орнату

SETTINGS ➔ Advanced (Кеңейтілген) ➔ Network (Желі) ➔ Wi-Fi Connection (Wi-Fi байланысы)

Мониторға сымсыз желі орнатсаңыз, қол жетімді сымсыз Интернет желілерін тексеріп, оларға қосылуға болады.

- **Add a Hidden Wireless Network (Жасырын сымсыз желіні қосыңыз):**
  Желінің мәліметтерін тікелей енгізсеңіз, сымсыз желіні қосуға болады.
- **Connect via PBC (PBC арқылы қосылу)**:
  PBC қолдайтын сымсыз кіру нүктесінің түймесін басқанда оңай қосылады.
- **Connect via PIN (PIN арқылы қосылу)**:
  Қосылу керек сымсыз кіру нүктесінің PIN кодын кіру нүктесінің веб-сайтында енгізгенде оңай қосылады.
- **Advanced Settings (Қосымша параметрлерп)**:
  Желінің мәліметтерін тікелей киргізсеңіз, сымсыз желіні енгізуге болады. Қолжетімді сымсыз желі болмаса, **Advanced Settings(Қосымша параметрлер)** түймесін басыңыз. Желіні қосуға болады.

SoftAP орнату

SETTINGS ➔ Advanced (Қосымша) ➔ Network (Желі) ➔ SoftAP

Егер SoftAP орнатылса, сымсыз роутерсіз Wi-Fi байланысы арқылы көптеген құрылғыларды қосуға және сымсыз Интернетті пайдалануға болады.

- SIGNAGE пайдалану үшін Интернет байланысы болуы қажет.
- SoftAP мүмкіндігін және Screen Share (Экранды ортақ пайдалану) функциясын бір уақытта пайдалану мүмкін емес.
- Wi-Fi кілттеріне қолдау көрсетілетін үлгілерде тек Wi-Fi кілті өнімге қосылған кезде SoftAP мәзірі қосылады.
- SoftAP байланысы туралы ақпарат
  - SSID: сымсыз Интернет байланысын жасауға қажет бірегей идентификатор
  - Қауіпсіздік кілті: қжетті сымсыз желіге қосылу үшін енгізілетін қауіпсіздік кілті
  - Қосылған құрылғылар саны: Wi-Fi байланысы арқылы Signage құрылғысына қосылған құрылғылар санын көрсетеді. 10 құрылғыға дейін қолдау көрсетіледі.

Желі параметрлері бойынша кеңестер

- Стандартты LAN кабелін (RJ45 коннекторы бар Cat5 не одан кейінгі) осы дисплейге пайдаланыңыз.
- Реттеу барысында орын алатын көптеген желі қосылымының проблемаларын маршрутизаторды немесе модемді қайта орнату арқылы түзетуге болады. Дисплейді үй желісіне қосқан соң, жылдам өшіріңіз және/немесе үй желісіндегі маршрутизатордың немесе кабельдік модемнің кабелін ажыратыңыз, одан кейін қосып, қайтадан қуат кабелін жалғаңыз.
- Интернет қызметінің провайдеріне (ISP) қарай интернет қызметін қабылдайтын құрылғылар саны тиісті қызмет шарттарымен шектелуі мүмкін. Қосымша мәлімет алу үшін Интернет қызметінің провайдеріне хабарласыңыз.
- LG компаниясы байланыс қателеріне/Интернет қосылымы мүмкіндігіне және жалғанған басқа жабдықтарға қатысты ақаулардан пайда болатын дисплейдің және/немесе интернет қосылымының ақауларына жауапты болмайды.
- LG компаниясы интернет қосылымындағы проблемаларға жауапты болмайды.
- Желі қосылымының жылдамдығы қолданыстағы мазмұнның талаптарына сай болмаса, орынсыз нәтижелер туындауы мүмкін.
- Кейбір интернетке қосылу әрекеттері интернет қосылымын қамтамасыз ететін интернет провайдері (ISP) орнатқан белгілі бір шектеулерге байланысты жасалмауы мүмкін.
- Интернет провайдері алатын кез келген ақыны, соның ішінде және ешбір шектеусіз, қосылым ақысын сіз төлейсіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Дисплейде интернетке тікелей қосылғыңыз келсе, интернетке қосылым әрдайым қосылып тұруы қажет.
- Интернетке қосыла алмасаңыз, желідегі компьютерден желі шарттарын тексеріңіз.
- Network Setting (Желі параметрі) опциясы қолданылғанда, жергілікті желі кабелін немесе жол жоспарлағыштағы DHCP қосылып тұрғандығын тексеріңіз.
- Желі параметрлерін аяқтамасаңыз, желі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ

- Модульдік телефон кабелін LAN портына жалғамаңыз.
- Байланыс орнатудың алуан түрлі әдістері бар болғандықтан, телекоммуникациялық қызмет көрсетушінің немесе интернет қызметі провайдерінің техникалық талаптарын орындаңыз.
- Дисплей физикалық желіге қосылмайынша, желі параметрі мәзірі қол жетімді болмайды.

Сымсыз желіні орнату бойынша кеңестер

- Сымсыз желілерге 2,4 ГГц жиілігінде жұмыс істейтін басқа құрылғылар (сымсыз телефондар, Bluetooth құрылғылары микротолқынды пештер) кедергі келтіруі мүмкін. Сондай-ақ, басқа Wi-Fi құрылғыларымен бірдей 5 ГГц жиілігі бар құрылғылардан кедергі болуы мүмкін.
- Қоршаған сымсыз орта сымсыз желі қызметінің баяу жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін.
- Толық жергілікті үй желісін өшірмесеңіз, желі трафигі кейбір құрылғыларда орын алуы мүмкін.
- Кіру нүктесі байланысы үшін сымсыз байланысты қолдайтын кіру нүктесі құрылғысы қажет және құрылғыда сымсыз байланыс мүмкіндігін қосу керек. Кіру нүктесінде сымсыз қосылымның қол жетімділігіне қатысты қызмет жеткізушісіне хабарласыңыз.
- Кіру нүктесіне байланысқа арналған кіру нүктесінің SSID және қауіпсіздік параметрлерін тексеріңіз. Кіру нүктесінің SSID және қауіпсіздік параметрлерін тиісті құжаттамадан қараңыз.
- Желілік құрылғылардағы (сымды / сымсыз желіні бөліскіш, хаб) параметрлер дұрыс болмауынан монитордың баяу жұмыс істеуі немесе дұрыс емес жұмыс істеуі мүмкін. Құрылғыларды тиісті нұсқаулыққа сай дұрыстап орнатыңыз және желіні орнатыңыз.
- Кіру нүктесінің өндірушісіне қарай қосылу әдісі өзгеріп отыруы мүмкін.

Жалпы параметрлер

Тілді реттеу

SETTINGS → Advanced (Кеңейтілген) → General (Жалпы) → Menu Language (Мәзір тілі)

Экранға шыққан мәзірден тілдердің біреуін таңдаңыз.

- **Menu Language (Мәзір тілі):** Signage тілін орнатады.

Пернетақта тілін орнату

SETTINGS → Advanced (Қосымша) → General (Жалпы) → Keyboard Languages (Пернетақта тілдері)

Пернетақтада көрсету керек тілді таңдаңыз.

- **Keyboard Languages (Пернетақта тілдері):** пернетақта тілдерін орнатады.

Уақытты/күнді қою

SETTINGS → Advanced (Кеңейтілген) → General (Жалпы) → Time & Date (Уақыт және күн)

Уақытты тексеруге немесе өзгертуге болады.

- **Set Automatically (Автоматты түрде орнату):** Time (Уақыт) және Date (Күн) опцияларын орнатуға болады.
- **Daylight Saving Time (Жазғы уақыт):** Daylight Saving Time (Жазғы уақыт) үшін Start Time (Басталу уақытын) және End Time (Аяқталу уақытын) орнатуға болады. Бір-бірінен бір күннен аса орнатқан кезде DST бастау/аяқтау параметрлері жұмыс істейді.
- **Time zone (Уақыт белдеуі):** Continent (Континент), Country/Territory (Ел/территория) және City (Қала) параметрлерін өзгертуге болады.

Мониторды автоматты түрде қосу немесе өшіру

SETTINGS → Advanced (Кеңейтілген) → General (Жалпы) → Timers (Таймер)

Монитордың қосу/өшіру таймерін орнатуға болады.

- **On Timer (Қосу таймері):** монитор қосылғанда уақытты қоюға болады.
- **Off Timer (Өшіру таймері):** монитор өшкенде уақытты қоюға болады.
- **No Signal Power Off (15 minutes) (Сигнал күші жоқ (15 минут)):** Кіріс көзі болмағанда монитор 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді. Егер оның автоматты түрде өшкенін қаламасаңыз, No Signal Power Off (Сигнал жоқта өшіру) параметрін **Off (Өшіру)** күйіне қойыңыз.
- **Auto Power Off (Автоматты өшіру):** Перне басылмағанда монитор автоматты түрде өшеді.

ЕСКЕРТПЕ

- Өшіру/қосу уақытын жеті кестеге дейін сақтауға болады; Мотор алдын ала орнатылған уақытта кесте тізімінде қосылған немесе өшірілген. Егер кесте тізімінде бірнеше алдын ала орнатылған уақыт сақталса, бұл функция ағымдағы уақытқа ең жақын уақытта жұмыс істейді.
- Қосылу немесе өшу уақыты орнатылғаннан кейін, бұл функциялар күнде алдын ала орнатылған уақытта істейді.
- Жоспарланған қуатты өшіру функциясы тек құрылғының уақыты дұрыс орнатылған кезде дұрыс жұмыс істейді.
- Жоспарланған қуатты қосу және өшіру уақыттары бірдей болған кезде, құрылғы қосулы болған жағдайда қуатты өшіру уақыты қуатты қосу уақытынан басым, ал құрылғы өшірулі болған жағдайда керісінше болады.

Монитордың параметрлерін қалпына келтіру

SETTINGS ➔ Advanced (Кеңейтілген) ➔ General (Жалпы) ➔ Reset to Initial Settings (Бастапқы параметрлерін қалпына келтіру)

Монитордың барлық параметрлерін қалпына келтіреді.

ОЙЫН-САУЫҚ

Менің мультимедиам мәзірін пайдалану

USB/SD сақтау құрылғыларын қосу

USB флэш жады, SD сақтау құрылғылары немесе сыртқы қатты диск сияқты USB сақтау құрылғысын дисплейге қосып, мультимедиа мүмкіндіктерін пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТУ

- **My Media (Менің мультимедиам)** экраны іске қосылған кезде мониторды өшірмеңіз немесе USB сақтау құрылғысын шығармаңыз. Бұл файлдардың жоғалуына немесе USB сақтау құрылғысының зақымдалуына себеп болуы мүмкін.
- USB сақтау құрылғысына сақталған файлдардың сақтық көшірмесін жиі жасаңыз, себебі файлдардың жоғалуы немесе зақымдалуы кепілдікте қамтылмауы мүмкін.

USB/SD сақтау құрылғыларын пайдалану туралы кеңестер

- Тек USB сақтау құрылғысын тануы мүмкін.
- USB құрылғысы USB хабы арқылы қосылғанда тиімді жұмыс істемейді.
- Автоматты түрде тану бағдарламасын пайдаланатын USB сақтау құрылғысы танылмауы мүмкін.
- Өз жеке драйверін пайдаланатын USB сақтау құрылғысы танылмауы мүмкін.
- USB сақтау құрылғысын тану жылдамдығы құрылғыға байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
- Жалғанған құрылғы істеп тұрғанда, дисплейді өшірмеңіз немесе USB сақтау құрылғысын ажыратпаңыз. Егер USB сақтау құрылғысы кенеттен ажыратылса, сақталған файлдар немесе құрылғының өзі зақымдалуы мүмкін.
- Компьютерде жұмыс істеуге өзгертілген USB сақтау құрылғысын қоспаңыз. Құрылғы мониторды бұзуы мүмкін немесе мазмұнның көрсетілмеуіне себеп болуы мүмкін. Құрамында қалыпты музыка, кескін не бейне файлдары бар USB сақтау құрылғысын ғана пайдаланыңыз.
- Windows жүйесінде қолданылмайтын утилита ретінде форматталған USB сақтау құрылғысы танылмауы мүмкін.
- Сыртқы қуат көзін қажет ететін USB сақтау құрылғысын (0,5 A көп) қуат көзіне бөлек қосу керек. Қосылмаған жағдайда құрылғы танылмауы мүмкін.
- Құрылғы өндірушісі берген кабельмен USB сақтау құрылғысын қосыңыз.
- Кейбір USB сақтау құрылғылары қолданылмауы немесе біркелкі істемеуі мүмкін.
- USB сақтау құрылғыларының файл туралау әдісі Window XP жүйесінікіне ұқсас және файл атаулары 100 ағылшынша таңбаға дейін тани алады.
- Маңызды файлдардың сақтық көшірмесін үнемі жасап отырыңыз, себебі USB сақтау құрылғысына сақталған деректер зақымдалуы мүмкін. Қандай да бір деректердің жоғалуына жауапты болмаймыз.
- USB HDD жетегінің сыртқы қуат көзі болмаса, USB құрылғысы анықталмауы мүмкін. Құрылғының анықталғанына көз жеткізу үшін сыртқы қуат көзін қосыңыз.
  - Сыртқы қуат көзіне қуат адаптерін пайдаланыңыз. Сыртқы қуат көзіне USB кабелі берілмейді.
- USB сақтау құрылғысында бірнеше бөлім болса немесе USB көп карта оқу құралы пайдаланылса, төрт бөлімге немесе USB сақтау құрылғысына дейін пайдалануға болады.
- USB сақтау құрылғысы USB көп карта оқу құралына қосылған болса, оның көлемі туралы деректер анықталмауы мүмкін.
- USB сақтау құрылғысы дұрыс істемесе, оны ажыратып, қайта жалғаңыз.
- Анықтау жылдамдығы құрылғыға байланысты ерекшеленеді.
- Егер USB сақтау құрылғысы күту режимінде қосылса, дисплей қосылған кезде арнайы қатты дискі автоматты түрде жүктеледі.
- USB сыртқы қатты дискісінің ұсынылған сыйымдылығы — 1 ТБ не одан аз, ал USB жад картасынікі — 32 ГБ не одан аз.
- Көлемі ұсынылғаннан жоғары болатын кез келген құрылғы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер USB сыртқы қатты дискісі «Energy Saving» (Энергияны үнемдеу) функциясымен жұмыс істемесе, қатты дискіні өшіріп, қайта қосып көріңіз.
- Нұсқасы USB 2.0 төмен USB сақтау құрылғылары да қолданылады, бірақ бейнелерде дұрыс істемеуі мүмкін.
- Бір қалтадан көп дегенде 999 ішкі қалта немесе файл танылады.
- D карталарының SDHC түріне қолдау көрсетіледі. SDXC картасын пайдалану үшін алдымен NTFS файлдық жүйесіне пішімдеңіз.
- SD карталарында және USB сақтау құрылғыларында exFAT файлдық жүйесіне қолдау көрсетілмейді.

Менің мультимедиам функциясында қолданылатын файлдар

Қолданылатын сыртқы субтитр форматы

(Кейбір модельдерде субтитрлерге қолдау көрсетілмейді.)

- *.smi, *.srt, *.sub (MicroDVD, SubViewer 1.0/2.0), *.ass, *.ssa, *.txt (TMPlayer), *.psb (PowerDivX), *.dcs (DLP Cinema)

Ойнатуды таңдауды пайдалану үшін,

HOME →  → **Photos(Фотосуреттер)/Videos(Бейнелер)/Music(Музыка)/All(Барлығы)** → 

- **Play Selection (Ойнатуды таңдау):** таңдалған мазмұнды ойнатады.

FILTER (СҮЗГІНІ) орнату,

HOME →  → **Photos(Фотосуреттер)/Videos(Бейнелер)/Music(Музыка)/All(Барлығы)** → 

- **FILTER (СҮЗГІНІ):** мазмұнды таңдалған құрылғыдан импорттайды.

Scheduled Playing (Жоспарлы ойнатуды) орнату,

HOME →  → **Photos(Фотосуреттер)/Videos(Бейнелер)/Music(Музыка)/All(Барлығы)** → 

- **Scheduled Playing (Жоспарлы ойнатуды):** таңдалған мазмұнды жоспарланған уақытта ойнатуға болады.

Қолданылатын ішкі субтитр форматы

- FULL HD бейнесі
  1920 x 1080: XSUB (DivX6 форматынан жасалған ішкі субтитрлерді қолданады)
- [Ultra HD үлгілеріне ғана арналған] Ultra HD кескіні: ішкі субтитрлерге қолдау көрсетілмейді.

Қолданылатын бейне кодек

Кеңейтім	Кодек	
.asf **.wmv**	**Бейне**	VC-1 қарапайым және басты профильдері
	Audio	WMA стандарты, WMA 10 Professional
.divx **.avi**	**Бейне**	DivX3.11, DivX4, DivX5, DivX6, XViD, H.264/AVC, Motion Jpeg, MPEG-4 Part2
	Audio	MPEG-1 Layer I, II, MPEG-1 Layer III (MP3), Dolby Digital, LPCM, ADPCM, DTS
.mp4 **.m4v** **.mov**	**Бейне**	H.264/AVC, MPEG-4 Part2
	Audio	AAC, MPEG-1 Layer III (MP3)
.3gp **.3g2**	**Бейне**	H.264/AVC, MPEG-4 Part2
	Audio	AAC, AMR-NB, AMR-WB
.mkv	**Бейне**	H.264/AVC
	Audio	HE-AAC, Dolby Digital
.ts **.trp** **.tp** **.mts** **.m2ts**	**Бейне**	H.264/AVC, MPEG-2
	Audio	MPEG-1 Layer I, II, MPEG-1 Layer III (MP3), Dolby Digital, Dolby Digital Plus, AAC, PCM
.mpg **.mpeg**	**Бейне**	MPEG-1, MPEG-2
	Audio	MPEG-1 Layer I, II, MPEG-1 Layer III (MP3), AAC
.vob	**Бейне**	MPEG-1, MPEG-2
	Audio	Dolby Digital, MPEG-1 Layer I, II, DVD-LPCM

Қолдау көрсетілетін аудио файлы

Файл пішімі	Элемент	Ақпарат
.MP3	**Бит жылдамдығы**	32-320 кбит/сек
	Дискретизация жиілігі	16-48 кГц
	Қолдау	MPEG1, MPEG2, Layer2, Layer3
	арналар	моно, стерео
.ogg	**Бит жылдамдығы**	64-500 Кбит/сек
	Дискретизация жиілігі	8-48 кГц
	Қолдау	Vorbis
	арналар	моно, стерео
.wma	**Бит жылдамдығы**	~1,5 Мбит/сек
	Дискретизация жиілігі	8-192 кГц
	Қолдау	WMA
	арналар	6 арнаға дейін

Қолдау көрсетілетін фотосурет файлы

Файл пішімі	Пішім	Элемент
.jpeg, .jpg, .jpe	**JPEG**	• Ең аз : 64 x 64 • Ең үлкені - қалыпты түрі: 15 360 (ені) x 8640 (биіктігі) - Прогрессивті түрі: 1920 (ені) x 1440 (биіктігі)
.png	**PNG**	• Ең аз : 64 x 64 • Ең үлкені: 5760 (Е) x 5760 (Б)
.bmp	**BMP**	• Ең аз : 64 x 64 • Ең үлкені: 1920 (Е) x 1080 (Б)

Мазмұн үшін қолдау көрсетілетін файлдар мен пішімдер (SuperSign Manager көмегімен)

Файл кеңейтімі	*.cts, *.sce
Бейне файл кеңейтімі	*.mpg, *.mpeg, *.dat, *.ts, *.trp, *.tp, *.mp4, *.mkv, *.avi, *.avi(motion JPEG), *.mp4(motion JPEG), *.mkv(motion JPEG)
Бейне пішімі	MPEG1, MPEG2, MPEG4,H.264, DivX 3.11, DivX 4, DivX 5, DivX 6, Xvid 1.00, Xvid 1.01, Xvid 1.02, Xvid 1.03, Xvid 1.10-beta1/2, Motion JPEG
Дыбыс пішімі	MP3, Dolby Digital, LPCM, AAC, HE-AAC, AMR-NB, AMR-WB
Веб-бет	Тек iframe үшін қолдау көрсететін веб-беттер көрсетіледі.

Бейнелерді көру

Бейне файлдарын дисплейде ойнатыңыз. Сақталған бейне файлдарының барлығы дисплейден көрсетіледі.

Бейне файлдарын дисплейде ойнату

HOME →  → **Videos (Бейнелер)**

Бейне файлдарын ойнату бойынша кеңестер

- Пайдаланушы жасаған кейбір субтитрлер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Субтитрлердегі кейбір арнайы таңбалар көрсетілмейді.
- HTML тегтері субтитрлерде көрсетілмейді.
- Қолдау көрсетілетін тілдерден басқа тілдердегі субтитрлерге қолдау көрсетілмейді.
- Дыбыс тілі ауыстырылғанда экранда уақытша кедергі (бейненің тоқтап қалуы, жылдамырақ ойнатылу, т.б.) орын алуы мүмкін.
- Зақымданған бейне файлы дұрыс ойнатылмауы мүмкін немесе кейбір ойнатқыш функцияларын қолдану мүмкін болмайды.
- Кейбір кодерлермен шығарылған бейне файлдары дұрыс ойнатылмауы мүмкін.
- Жазылған файлдың бейне және аудио құрылымы алмаспаса, не бейне, не дыбыс шығарылады.
- Берілген түрлер мен пішімдерден өзгеше бейне файлдары дұрыс ойнатылмауы мүмкін.
- Ойнатылатын бейне файлы үшін биттің ең жоғары жылдамдығы — 20 Мбит/сек. (Қимылды JPEG: тек 10 Мбит/сек)
- H.264 / AVC стандарттарында кодталған деңгейі 4.1 немесе одан жоғары болатын профильдердің кедергісіз ойнатылатынына кепілдік берілмейді.
- Файл көлемі 30 ГБ асатын бейне файлдарына қолдау жоқ.
- DivX бейне файлы және оның субтитр файлы бір қалтада орналасуы тиіс.
- Бейне файлы мен оның субтитр файлы бір қалтада орналасуы тиіс. Субтитрді дұрыс көрсету үшін бейне файлының атауы мен оның субтитр файлының атауы бірдей болуы тиіс.
- Жоғары жылдамдықты байланысты қолданбайтын USB байланысы арқылы бейне ойнату дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Өндірушіге және үлгіге байланысты Желіге жалғанған сақтау құрылғысындағы (NAS) субтитрлерге қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- Global Motion Compensation (GMC) және Quarterpel Motion Estimation (Qpel) шифрлаған файлдарды жіберуге қолдау көрсетілмейді.
- [Ultra HD үлгілеріне ғана арналған] Ultra HD кескіні: 3840 X 2160
  LG Electronics компаниясымен ресми қамтамасыз етілгеннен басқа кейбір HEVC кодталған Ultra HD бейнелері ойнатылмауы мүмкін. Кейбір кодектерді бағдарламалық құралды жетілдіргеннен кейін пайдалануға болады.

Кеңейтім	Кодектер	
.mkv **.mp4** **.ts**	**Бейне**	H.264/AVC/HEVC
	Аудио	Dolby Digital, Dolby Digital Plus, AAC, HE-AAC

- Ойнатылатын файл өлшемдері шифрлау күйіне қарай әртүрлі болуы мүмкін.
- AAC Main профиліне қолдау көрсетілмейді.
- Кейбір шифрлау құралдары жасаған бейне файлдар ойнатылмауы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- **Videos (Бейнелер**) параметрінде өзгертілген опциялық мәндер **Photos (Фотосуреттер**) және **Music (Музыка)** параметрлеріне әсер етпейді, және өз кезегінде **Photos (Фотосуреттер)** немесе **Music (Музыка)** параметрлерінде өзгертілген опциялық мәндер де оған әсер етпейді.
- **Photos (Фотосуреттер)** және **Music (Музыка**) параметрлерінде өзгертілген опциялық мәндер бір-біріне әсер етпейді.
- Тоқтатқаннан кейін бейне файлды қайта іске қосқанда, тоқтатылған жерінен бастап ойнатуға болады.
- Субтитр файлында тек 10 000 синхронизация блогына қолдау көрсетуге болады.
- Бейне ойнатылып жатқанда, **ARC** түймесін басып, сурет өлшемін реттеуге болады.
- OSD мәзірі корей тілінде болғанда ғана корей тіліндегі субтитр қолданылады.
- Субтитр файлдарының тіліне байланысты кодтық бет опциялары ажыратылған болуы мүмкін.
- Субтитр файлдары үшін тиісті кодтық бетті таңдаңыз.

Фотосуреттерді көру

Экрандағы дисплейлердің көрінісі үлгіден өзгеше болуы мүмкін.

Сурет файлдарын көру

HOME ➔  ➔ **Photos (Фотосуреттер)**

Музыка тыңдау

Музыкалық файлдарды көру

HOME ➔  ➔ **Music (Музыка)**

ЕСКЕРТПЕ

- Қолдау көрсетілмейтін кеңейтімдері бар файлдар көрсетілмейді.
- Егер файл жарамсыз болса, бұзылған сурет пен «танылмайтын файл» хабары көрсетілмейді.
- Зақымдалған музыка файлдары 00:00 деп көрсетіледі және ойнатылмайды.
- Авторлық құқықпен қорғалған, ақылы қызметтен жүктеп алынған музыка файлы ойнатылмайды және ойнату кезінде дұрыс ақпарат көрсетілмеуі мүмкін.
- Сонымен бірге бұл режимде қашықтан басқару құралындағы ▶, ⏸, ■, ⏭, ⏮ түймелерін пайдалануға болады.
- ⏭ түймесі арқылы келесі тректі таңдауға, ал ⏮ түймесі арқылы алдыңғы тректі таңдауға болады.
- Ән ойнағаннан кейін ⏮ түймесін 5 секундтың ішінде бассаңыз, алдыңғы әнге ораласыз; егер сол нүктені 5 секундтан кейін бассаңыз, әннің басына ораласыз.

Параметрлер

DRM арқылы қорғалған DivX бейнесін ойнату үшін өніміңізді тіркеу керек.

Сатып алынған немесе жалға алынған DivX® VOD мазмұндарын тіркеу/тіркеуден шығару

HOME ➔  ➔ **Videos (Бейнелер)** ➔ **DivX® VOD**

Сатыл алынған немесе жалға алынған DivX® VOD мазмұндарын ойнату үшін құрылғыны 10 сандық DivX тіркеу кодымен мына торапта тіркеу керек: *www.divx.com/vod*.

- **Registration (Тіркеу):** дисплейдің тіркеу кодын көру.
- **Deregistration (Тіркеуден шығару):** тіркеуден бас тарту.

ЕСКЕРТПЕ

- Тіркеу кодтарын тексеріп жатқанда кейбір түймелер жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер басқа құрылғының DivX тіркеу кодын пайдалансаңыз, жалға алынған немесе сатып алынған DivX файлдарын ойната алмайсыз. Өніміңізге тағайындалған DivX тіркеу кодын ғана пайдаланыңыз.
- Стандартты DivX кодегімен түрлендірілмеген бейне немесе аудио файлдар бүлінген болуы немесе ойнатылмауы мүмкін.
- DivX® VOD коды бір есептік жазбаға 6 құрылғыны іске қосуға мүмкіндік береді.
- Тіркеуден шығарған соң DivX® VOD мазмұнын көру үшін құрылғыны қайтадан тіркеу керек.

Файлды жылжыту, көшіру немесе жою

Файлдарды жылжытуға, көшіруге немесе жоюға болады.

Файлдарды жылжыту, көшіру немесе жою

HOME →  → **Devices (Құрылғыны)**

- Файлдарды немесе қалталарды ішкі жадтан сыртқы жадқа жылжытуға немесе көшіруге болады.
- Файлдарды немесе қалталарды сыртқы жадтан ішкі жадқа жылжытуға немесе көшіруге болады.
- Файлдарды немесе қалталарды ішкі не болмаса сыртқы жадтан жоюға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Қалған ішкі жадтан үлкен болатын бұл файлдарды ішкі жадқа көшіруге немесе жылжытуға рұқсат етілмейді.

SuperSign мазмұны

SuperSign Editor құралындағы «Экспорттау» опциясы арқылы сақталған файлдарды ойнатады.

Сақталған файлдарды Export (Экспорттау) опциясымен ойнату

HOME → 

